

Аршалы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 10/2 "Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ережелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 04 наурыздағы № 14/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 наурызда № 3692 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 37/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 06.01.2015 № 37/2 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аршалы аудандық мәслихаттың "Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" 2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 10/2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3566 тіркелген, 2013 жылдың 6 қаңтарында аудандық "Аршалы айнасы" газетінде, 2013 жылдың 12 қаңтарында аудандық "Вперед" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауы мемлекеттік тілде жаңа редакцияда баяндалсын:

"Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы";

шешімнің 1 тармағы мемлекеттік тілде жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Қоса беріліп отырған Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары бекітілсін.";

шешімде көрсетіліп бекітілгендей, Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету туралы Ережесінің мемлекеттік тілдегі:

атауы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын

үй көмегін көрсету туралы Қағидасы";

бірінші азат жол жаңа редакцияда баяндалсын:

"Осы тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.";

бірінші тараудың атауы жаңа редакцияда баяндалсын:

" 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р " ;

2 тараудың 7 тармағының екінші азат жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін үлесі аспаған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй көмегін беруден бас тартады."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы Е.Қазбеков

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
хатшысы Ю.Сериков

"КЕЛІСІЛДІ"

Аршалы ауданының әкімі Т.Мұханбеджанов